

Таланкер — 2016

ТОҚЫМА ЖӘНЕ ТАМАК ИНЖЕНЕРИЯСЫ МАМАНДАРЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ДАЯРЛАУ

Елбасы «Қазақстан — 2050» стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ені. Жолдауында «Білім және кәсіби машық даярлау білім беру, қалыңды даярлау және маман даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары» еніп, нақтылап көрсеткен белгілі. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жауапкершілігі мол осы міндетті жүзеге асырып келе жатқан озық оқу орындарының бірі. Аталған білім ордасы жаңынан «Тоқыма және тамақ инженериясы жоғары мектебі» құрылған.

Қазіргі таңда бұл жоғары мектепте 1150 студент, 30 магистрант білім алуа. Олардың ішінде 97 пайызы мемлекеттік білім гранты негізінде оқиды. Жоғары мектеп студенттері бұл мамандығымен қатар университеттің өскері кафедрасында шеберлігін ұштай отырып, лейтенант атағын алады.

Жоғары мектепте, сонымен қатар, 5B073300 «Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы», 5B072600 «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және конструкциялануы», 5B072700 «Азық-түлік тағамдары технологиясы» және 5B072800 «Қайта өңдеу өндірісінің технологиясы» мамандықтары бойынша бакалаврлар және магистрлер даярланады. Аталған мамандықтарға сәйкес колледж бітірушілері үшін қысқартылған оқу формасына мемлекеттік білім гранттары тағайындалған. «Тоқыма» және «жеңіл өнеркәсіп» мамандықтарына 2014 жылдан бастап философия докторлары (PhD) дайындауға лицензия берілді.

Жоғары мектеп құрамында 120 жоғары дәрежелі оқытушы, оның ішінде 7 ғылым докторы, 55 ғылым кандидаты мен доцент бар. Студенттердің тіл менгеруін арттыру мақсатында үш тілдік бағдарлама, яғни қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде сабақ жүргізіледі.

Мұнда студенттердің алған білімін қоғамдық жұмыстар арқылы ширата түсуіне мол мүмкіндік жасалған. Айталық, олар білім ошағындағы түрлі өнер, би, спорт үйірмелеріне қатысып, КВН, өлеби кештер, тақырыптық конференция жарыстарына бақ сынасады. Жүлделер орынның қуанышына көнеліп, жаңа жаңалар да баршылық. Сондай-ақ, жоғары мектептің 30 пайызға жуық студенті өз қалаулары бойынша түрлі ғылыми зерттеу үйірмелерінде танымал ғалымдармен бірлесіп отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Олардың ішкерімділік қабілеті дамыту мен қоса оның нәтижесін қажетіне қарай қолдана білу аса маңызды. Ал, біздің мектеп талапты жастардың қазіргі заман талабына сай зерттеуші маман, білікті басқарушы болып қалыптасуына жол ашады. Жыл сайын әр мамандық бойынша талантты және дарынды студенттерді айқындайтын олимпиадалар өткізіліп тұрады. Әсіресе, Алматы технологиялық университетінде және өз аямызда өткен олимпиадаларда жоғары мектеп студенттері алғашқы үштіктен көрініс жүр.

Студенттер қатарында шығармашылық жетістікке жеткендер де көп. Айталық, 3-курс студенті Б.Тұрақұлов Швейцарияның тоқыма машиналары мен жабдықтары шығарумен айналысатын «Rieter» фирмасының ұйымдастыруымен өткен «Rieter Award 2009» халықаралық конкурсының гран-при иесі атанды.

Мемлекет тарапынан біздің студенттердің еңбектері жоғары бағаланып жатқанын айта кеткен жөн. Таратып айтсақ, 2013 жылы — 2, 2014 жылы — 1 және 2015 жылы — 2 оқытушы «Жылдың ең үздік оқытушысы» мемлекеттік грантына ие болды.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің 2008 жылы ҚР жоғары оқу орындары ішінде бірінші болып халықаралық аккредиттеуден өткені белгілі. Ал, университет жаңындағы жоғары мектеп 5B072700 — «Азық-түлік тағамдары технологиясы» мамандығы (бакалавр) бойынша Германияның ASIN агенттігі халықаралық аккредитациядан өткізді. Сондай-ақ, 2014 жылы 5B072600 — «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және конструкциялануы» мамандығы (бакалавр және магистратура білім беру бағдарламасы бойынша) жоғарыда аталған агенттікте аккредитациядан өтті.

Аудиториялары заман талабына сай құрал-жабдықтармен жасақталған жоғары мектептің материалдық-техникалық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Сонымен қатар, жоғары мектепте мамандандырылған 10 оқу зертханасы, INTERNET желісіне қосылған интерактивті тақталар қойылған 9 компьютерлік аудитория бар.

Біліктілігі жоғары мамандардың теориялық білім алумен қатар, іс-тәжірибе дағдыларын игеруі аса маңызды. Осыған орай 2012 жылы жоғары мектепте тігін бұйымдарын конструкциялау және киім дизайны бойынша экспериментальдік өндіріс орны ашылды. Бұл мақсатқа жалпы құны 32 млн. теңгені құрайтын заманауи жабдықтар сатып алынды. Оның қатарында JANOME, TUPICAL фирмаларының тігін, жиктеуші машиналары, сырып тігілетін жаймаларды лазерлі пішу жиынтықтары бар. Сондай-ақ, бұл тізімді дигитайзер, плоттер секілді GERBER фирмасының автожобалау жабдықтары толықтыра түседі. Аталған жабдықтармен жұмыс істеу тәжірибесін игерген түлектердің еңбек нарығында бәсеке-лестікке қабілетті маман болып қалыптасары сөзсіз. Ал, мұндай бәсепасп маманның қайда болсын жұмысқа бірінші кезекте орналасатыны сөзсіз.

Жоғары мектеп кафедралары білім беру және ғылыми зерттеу жұмыстарын бір-бірімен тығыз байланыстыра жүргізуде. Мұндай сан-салалы байланыс А.Н.Косыгин атындағы Мәскеу тоқыма институты, Иваново химия-технологиялық институты, Ташкент тоқыма және жеңіл өнеркәсібі институты арасында ежелден қалыптасқан. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясы, «Сымбат» сән және бизнес академиясы, Алматы технологиялық жоғары мектебімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Мұндай достық қатынасы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік жоғары мектебі, Өңдеу және тамақ өнеркәсібінің ғылыми-өндірістік орталығы («ҚазАгроИнновация» АҚ, Алматы қаласы), Мәскеу тамақ өндірісі мемлекеттік жоғары мектебі, Қолданбалы биотехнологиялық Мәскеу мемлекеттік университеті, Д. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университеті, сонымен қатар Манчестер Метрополитен университеті арасында дамып келеді.

Қазіргі таңда Гамбургтің қолданбалы ғылыми институтымен (Германиямен), Лоррейн университетімен (Франция) бірлескен жұмыстар атқарылуда. Халықаралық қатынастарды нығайту нәтижесінде 2012 жылғы маусымда жоғары мектеп магистранты А.Жылқайдаров Гамбургте ғылыми диссертациясын қорғай отырып, қос дипломның (ОҚМУ және ГКФИ) иегері атанды. Бұл дегеніміз жоғары мектеп студенттері үшін өлеменің жетекші жоғары оқу орындарында білім алуға жасалған нақты мүмкіндіктердің бір-дені.

Жыл сайын Қазақстан және ТМД елдерінің адалығы қатары журналында жоғары мек-

теп оқытушыларының 100-ден астам мақалалары мен баяндамалары жарияланады. Жоғары мектеп қабырғасындағы ғылыми жұмыстар еліміздегі өндіріс орындары үшін өтекті өрі аса қажетті бағыттар бойынша жүргізіледі. Олардың нақты тақырыптары тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін, қазақтың ұлттық тағамдарын зерттеу және өндіріске енгізу, төтенше жағдайларда жұмыс істеуге арналған қорғаныс киімдері жайын қамтиды. Мұндай тақырыптардың қатарында медицина саласына арналған тоқыма материалдары, тоқыма өндірісінің қалдықтары негізінде алынған экологиялық таза материалдар туралы зерттеулерді де атауға болады.

Студенттер өзінің теориялық білімін өндірістік процестерде қолдана білуі тиіс. Осы мақсатта бірқатар кәсіпорындардың негізінде оқу-ғылыми-өндірістік орталықтар (ОҒӨО) құрылған. Атай кетсек, «Қайнар май» ЖШС, «Шымкентмай-Елдос» ААҚ, «Sigma Brau» ЖШС және «Меланж» АҚ осы қатардан табылады. Осы бағытта «Ютекс» АҚ, «South Textile KZ» ЖШС, «Назар Textile KZ» ЖШС және «Бал Textile KZ» ЖШС арасында да тиісті келісім-шарттар жасалған. Онда студенттер оқу сабақтарының іс-тәжірибе және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Алынған нәтижелер мен ғылыми жаңалықтары тиімділігіне қарай өндіріске енгізіліп отырады.

«Жеңіл және тамақ өнеркәсібі» жоғары мектебі — жаңа идеяларын өмірге ұштастыра білетін белсенді де қабілетті студент жастардың ордасы. Мұнда Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатында, республиканың өсіп-өркендеуіне үлкен үлесін қосуға өзін білікті мамандар даярланады.

Әр айда университетте студенттік өзін-өзі басқару күні өтіп тұрады. Бұл күні университеттің оқу-тәрбиелік және ғылыми үрдісті жақсарту мәселелері іске асырылады. Кезекті сессиялардың соңында тәуелсіз студенттік анкеталау жүргізіліп, оған «Сенім поштасы» қызмет көрсетеді.

Жоғары мектеп түлектері облыстағы және республикадағы тамақ дайындау, қайта өңдеу, тоқыма және жеңіл өнеркәсіптік кәсіпорындарда табысты еңбек етіп келеді. Бізде даярланған мамандарды «Нұр» ЖШС, «ЭкоПродуктГруп» ЖШС, «Рахат Шымкент» ЖШС, «Ладушки» ЖШС және «Тұтынушы» ЖШС-інде кездестіре аласыз. Сол секілді, «Меланж» АҚ, «South Textile KZ» ЖШС, «ҚазАгроэкс» ЖШС-нің мекемелері мен «Джин-Текс» ЖШС, «Нимэкс» ЖШС, «Асық-Ата» мақта тазалау зауыттарында, «Назар Textile KZ» ЖШС және «Бал Textile KZ» ЖШС-де жемісті еңбек етуде.

Білім алушылар үшін маңызды ақпараттың бірі мемлекеттік грант мәселесі екені белгілі. Ендеше, біздің университет еліміз бойынша тоқыма, тамақ және жеңіл өнеркәсіп саласында мамандар даярлаудың алдыңғы қатарлы базалық жоғары оқу орны болып табылады. Жыл сайын осы салаға бөлінген мемлекеттік гранттың 60-65 пайызын жеңіп алуының өзі көп нәрсені аңғартса керек. Сонымен қатар, колледж бітірушілері үшін оқудың қысқартылған түріне мемлекеттік гранттар қарастырылған.

Егер мектептен алған білімді сапалы мамандық алумен ұштастырып, бәсекеге қабілетті маман болуды мақсат тұтсаңыз — бізге келіңіз! М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің жеңіл және тамақ өнеркәсібі жоғары мектебінде сізді қызықты студенттік күндер мен болашағы баянды өмір күтіп тұр!

Т.ТОФАТАЕВ,

«Жеңіл және жоғары мектеп» деканы,

Ж.СЕРІКҰЛЫ,

деканның оқу ісі және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары.